


ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Январь-Март 2023 г.



\$ 32,6 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 34%
ОТП 66%

\$422,5 МЛН

РЫНОК


\$144,3 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 2 мес. 2023 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-МАРТ 2023 Г., МЛРД ТЕНГЕ



Құрылыс материалдары өндірісі саласы бойынша 2023 ж. қаңтар-наурыздағы инфографикаға түсіндірме

ҚР құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 2023 жылғы қаңтар-наурызда **235,8 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен 15,2% жоғары (*204,8 млрд теңге*).

Өнімнің физикалық көлем индексі 2023 жылғы қаңтар-наурызда 109,7% құрады.

Заттай көріністе өсу төмендегі тауарлар бойынша байқалады: отқа төзімді емес керамикалық кірпіштер (+50,6%); құрылыс мақсаттарына арналған бетоннан жасалған заттар (+4,1%); плиткалар, тақтайлар, кірпіштер және цементтен, бетоннан немесе жасанды тастан жасалған осыған ұқсас заттар (+17,3%); бетоннан жасалған құрылыс құрастырылымдары (+0,5%); тауарлы бетон (+11,4%); құрылыс ерітінділері (+19,1%).

Құрылыс материалдары өнімінің экспорты 2023 жылғы қаңтар-ақпанда 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 51% өсті және **32,6 млн АҚШ долл.** құрады. Заттай көріністе экспорт көлемі 134,5 мың тоннаны құрап, 9,4% төмендеді, ал, өткен жылы осы кезеңде 148,5 мың тонна деңгейінде болды. Негізгі үздік экспорттаушы елдер: Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан.

Құрылыс материалдарының отандық нарыққа импорты 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 9,5% төмендеп, 2023 жылғы қаңтар-ақпанда **144,3 млн АҚШ долл. құрады.**

Заттай көріністе тауарлар көлемі 2022 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 35% төмендеп, 322 мың тоннаны құрады. Негізгі үздік импорттаушы елдер: Ресей, Қытай және Германия.

2023 жылғы қаңтар-ақпанда ҚР құрылыс материалдары нарығының көлемі **422,5 млн АҚШ долл.** құрады, онда **ОТӨ үлесі 66%**, импорт өнім үлесі 34% құрайды.

Ең жоғары өндіріс көлемі құндық көріністе ағымдағы жылғы қаңтар-ақпанда Астана қаласы (жалпы өндіріс көлемінде 15,9% өңір үлесімен), Абай облысы (10,7%) және Қарағанды облысы (9,3%) құрады.